

6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Жусупов Ержан Алпысбаевичтің «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ р/р	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған(жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарламааясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді (бағытын көрсету)</p>	<p>Зерттеудің тақырыбы мен бағыттары Қазақстан Республикасының агроенеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес болып келеді.</p> <p>Диссертацияда ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге қатысты теориялық және тәжірибелік мәселелер қарастырылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Автордың «бәсекелестік» және «ауыл

			шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарына берген өзіндік анықтамалары, ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекелік қабілеттілігіне әсер ететін факторларды топтастыру тәртібі, ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты экономикалық тетіктердің күрылымдық сызбасы және басқалар қызығушылық тудырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Докторант диссертациялық жұмыста ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерінің басым бағыттарын зерттеуге қатысты әдістемелік тәсілдердің қолдану барысында, статистикалық мәліметтерді топтастыру және экономикалық талдау кезінде өзі жазу принциптерін толығымен сақтаған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Таңдалған тақырыптың өзектілігі ауыл шаруашылық кәсіпорыны нарық талаптарына сайрапалы және бәсекеге қабілетті өнімдерді шыгару үшін тиімді экономикалық тетіктердің қолдану қажеттілігімен сипатталады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбына байланысты етіліп, белгілі бір реттілік заңдылықтарды сақтай отырып айқындалған. Онда ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің теориялық негіздері, тәжірибелік талдауы және жетілдіру жолдары ұтымды түрде үйлестірілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен алға қойған шаралары тақырыпты толығымен ашады. Жұмыстың мақсатына сәйкес докторант б міндеттер қойған. Қойылған міндеттерді шешу оған ғылыми нәтижелер алуға мүмкіндіктер берді.

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен күрьылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Зерттеу құрылымы шешу жолдары өзара тығыз байланысқан үш мәселелерден тұрады: «Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың теориялық негіздері», «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің заманауи жағдайын талдау мен бағалау ерекшеліктері», «Ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жетілдіру жолдары». Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланысқан.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Ғылыми ережелер, алғынан нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. Докторант ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің даму бағыттарын анықтау үшін, оның күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып SWOT-талдау жүргізген. Сыни талдау нәтижесі оған отандық ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әрі қарай дамытудың бағыттарын анықтап берді: жоғары білімді жұмыс күшін көбейту; орташа жалақыны республика деңгейіндегі орташа жалақымен теңестіру; жүртшылық шаруашылығы өнімдерінің басымдығын шектеу; логистикалық инфрақұрылымды дамыту; импорттық азық-түлік тауарларының басымдығын төмендету; электрондық сауданың мүмкіндігі туралы ауыл халқына кеңестер жүргізу; экспортқа өнделмелген ауылдық өнімдердің шығуын шектеу тетіктерін әзірлеу.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңаболып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 	<p>Зерттеу барысында қол жеткізілген 6 ғылыми нәтижелердің 4 толығымен жаңа, ал 2 жартылай жаңа болып табылады. Өйткені, докторант зерттеу</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалықнемесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>әдістерін қолдана отырып, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, статистикалық мәліметтерді зерттеу негізінде нәтижелерге қол жеткізген.</p> <p>Докторанттың зерттеу барысында жинақталған қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жұмыстағы нәтижелер мен тұжырымдардың, дәлелдер мен дәйектемелердің ғылыми маңыздылығы жоғары.</p> <p>Диссертацияда Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін цифровық технологиялар арқылы арттырудың тұжырымдамасы әзірленген. Оnda оның мақсаты, іске асыру тетіктері және алынатын әсерлер қарастырылған. Ұсынылған тұжырымдама толығымен жаңа болып табылады және қызығушылық тудырады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілік жағдайларына бейімделген әлемдік тәжірибелі кең пайдаланумен және түйіндеумен негізделген. Нәтижелердің негізділігін талдау әдістері мен тәсілдерін, атап айтқанда, логикалық, статистикалық, сараптамалық, салыстырмалы және құрылымдық әдістерін кең ауқымды пайдалану арқылы растайды.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауапберу қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;</p>	<p>1-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі орташа.</p> <p>«Бәсекелестік» және «ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының мәні ашылған және авторлық анықтамалар</p>

	<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>ұсынылған.</p> <p>Менің ойымша, «бәсекелестік» ұғымының теориялық даму түжірымдамаларына көбірек көніл бөлу керек еді.</p> <p>2-түжірым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>Әсер ету деңгейіне, қалыптастыру және ұстап тұру табиғатына, тұрақты даму бағытына қарай ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар ұтымды түрде топтастырылған.</p> <p>3-түжірым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>Докторант нарықтық және институционалдық экономикалық тегіктерді ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты етіп бейімдеген.</p> <p>4-түжірым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>Жұмыста Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің заманауи жағдайын соңғы 10 жылғы мәліметтерді қолдана отырып талдау мен бағалау нәтижесінде, оның даму даму бағыттарын анықтау үшін SWOT-талдау кестесі әзірленген. Алынған нәтиже сараптамалық талдаудың жоғары деңгейде жүргізгенін көрсетеді.</p> <p>5-түжірым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі ортasha.</p> <p>Диссертацияда қаржылық қамтамасыз етудің әртурлі құралдарын қолданудың тиімділігін анықтау үшін корреляциялық-регрессиялық модель жасалған.</p>
--	--	---

			<p>Менің ойымша, бұл корреляциялық-регрессиялық модельді нақты бір ауыл шаруашылық кәсіпорынының мысалында жасағанда, жұмыс құнды болар еді.</p> <p>6-тұжырым – дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>Жұмыста цифрлық технологияларды қолдану арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік беретін ұсыныстар берілген. Бұл ұсыныстардың ғылыми маңыздылығы оте жоғары.</p> <p>Диссертацияның негізгі ережелері жарияланған 15 ғылыми еңбектерде қорсетілген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемениң таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Әдістеме жеткілікті түрде сипатталған. Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық базасы абстрактілі-логикалық, статистикалық, саралтамалық, салыстырмалы және құрылымдық әдістерді қолдана отырып жүргізілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Ауыл шаруашылығын қаржылық қамтамасыз етудің әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін анықтау үшін корреляциялық-регрессиялық модель әзірленген. Ол үшін нәтижелі (эндогенді) факторлық белгі ретінде Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қорсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы (у), тәуелсіз (экзогендік) факторлық белгілер ретінде екінші деңгейдегі банктердің несие беру көлемі (x_1), мемлекеттік бюджет шығыстары (x_2) және негізгі капиталға инвестициялар (x_3) таңдау алынған. Алынған мәліметтер негізінде ауыл шаруашылығы бюджеттік қаржыландыруды пайдаланудан және негізгі капиталға инвестиция

			салудан, ал ең аз дәрежеде несиелеуден он нәтиже алатындағы дәлелденген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшіннәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иля; 2) жок	Жұмыстың ғылыми нәтижелері (ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар топтамасы, ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты экономикалық тетіктердің құрылымдық сыйбасы, ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолданудың деңгейін, жобаларын және мүмкіндіктерін анықтайтын кесте) «АгроСтрой Союз» ЖШС қызметіне енгізілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімдіғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды тұжырымдар ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экономикалық тетіктерді қолдану бойынша өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдебишолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Жұмыста қолданылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті болып келеді.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иля; 2) жок	Диссертацияның өзіндік теориялық маңыздылығы бар. Онда ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігінің дамуын кешенді бағалау, экономикалық тетіктерді жетілдіруге қатысты жаңа көзқарастар негізделген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолданумүмкіндігі жоғары: 1) иля; 2) жок	Зерттеудің практикалық маңызы бар және ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстарды жергілікті атқарушы органдар агробизнес субъектлерінің қызметін реттеу үшін қолдана алады. Сонымен бірге жұмыста алынған негізгі нәтижелер жоғары окуорындарының оқытушылары және басқа да мұдделі

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болыптыбылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптыбылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	тұлғалар үшін өте қажетті ақпарат көзі болып келеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	Жұмыста әзірленген Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін цифрлық технологиялар арқылы арттырудың түжірымдамасы ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға және түрлендіруге қабілетті технологиялық инновацияларды жеделдестуге мүмкіндік береді.
			Диссертациялық жұмыс тұтас алғанда аяқталған және білікті орындалған. Жұмыс мемлекеттік тілде жоғары деңгейде жазылған және академиялық жазу сапасына қойылатын талаптар ескерілген.

Ресми рецензенттің шешімі:

Жалпы алғанда, жоғарыда анықталған кемшіліктер докторанттың диссертациясындағы алынған жаңа ғылыми нәтижелердің маңыздылығын темендептейді.

Жусупов Ержан Алпысбаевичтің «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертацияға оң пікір бере отырып, «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

экономика ғылымдарының докторы,
Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің «Экономика, қаржы және есеп»
кафедрасының профессоры



С.С. Ыдырыс